

condition of the company define its place in the market and the ability to function in the economic space . All this has led to an increase in the role of financial management. Financial management should be carried out continuously . Indispensable tool of financial management of the company is " a clear understanding of the interconnectedness of all factors affecting the overall level of financial condition ".

Keywords: finansasi management, financial analysis, management analysis, methods of analysis , economic value added.

ӘОЖ: 330.34:001.895(574)

Дюмбаев К.Т.

Орталық Азия университеті

ҰЛТТЫҚ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖҮЙЕНІ ДАМУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада индустриялық-инновациялық дамуды жүзеге асырушы және оның негізгі құрылымы болып табылатын, үдемелі инновациялық экономикалық дамуды ынталандырушы ұлттық инновациялық жүйенің маңыздылығы туралы қарастырылды. Тақырыптың өзектілігі ҚР ұлттық экономикасының экономикалық дамуда шикізаттық бағыттан арылып, өңдеуші индустриялы-инновациялық экономикаға өтуіне бағытталған үдемелі индустриялы-инновациялық стратегия аясында қарастырылады.

Кілт сөздер: инновация, индустрия, ұлттық инновациялық жүйе, технология, инновациялық инфрақұрылым, инкубатор.

«Қазақстан – 2050» Стратегиясында Қазақстан 2050 жылға қарай әлемнің ең дамыған отыз елінің қатарына кіруге ынталы болып отыр. Әрине бұл ұлттық экономикамыз үшін оңай түспейді. Дамушы елдер арасында осы топтағы орынға бәсекелестік жоғары деңгейде болатыны анық. Осыған байланысты еліміздің халқы мен экономикасы біріге отырып, ұлтымыз жаһандық экономикалық даму бәсекелестігіне дайын болуы керек. [1]

Әлемдегі дамыған 30 мемлекеттің қатарына кіру үшін және ұлттық экономикамыздың тұрақты дамуы үшін бәсекеге қабілетті индустриялық-инновациялық, жоғары технологиялық дамудағы экономиканы құруымыз қажет. Осы мақсаттардың орындалу барысында бүгінде еліміз 2017 жылы бүкіләлемдік ЭКСПО-2017 көрмесінде ұйымдастырып отырғаны белгілі. Елімізге қажетті технологиялар трансферті мен оларды қолдану үшін мамандарды оқыту керек. ЭКСПО-2017 бұл процеске серпін беріп, бізге болашақтың энергиясын дамыту үшін жаңа технологияларды таңдап алуға көмектесуі тиіс. Оған қоса, біз ауқымды халықаралық ғылыми-зерттеу жобаларына әбден-ақ белсене қатыса аламыз. Бұл бізге ғалымдарымыздың күш-жігерін шетелдік ғылыми-зерттеушілік қоғамдастықпен стратегиялық инновациялық бағыттар бойынша ықпалдастыруға мүмкіндік береді.

«Біздің мақсатымыз - жаһандық технологиялық төңкерістің бөлшегіне айналуымыз керек» - деп елбасымыз «Қазақстан – 2050» Стратегиялық Жолдауында нақты атап өтті. [1]

Ғылыми-техникалық прогресті жеделдетуде ерекше өнімнің ғылыми-техникалық жобалары, озық технологияларды басқарудың қазіргі заманғы жүйесін жасаумен шұғылданатын ғылыми-зерттеу, конструкторлық және жобалық ұйымдары ерекше рөл атқарады. Қазақстан табиғи ресурстарды ғана пайдалана отырып дамитын емес, сондай-ақ өзінің интеллектуалды капиталын да пайдаланып дамитын елге айналғаны дұрыс. Мұның

өзі дүниежүзілік бәсеке ғылыми-техникалық жобалардың өте жедел мерзімде жүзеге асуын талап етеді. Сыртқы әлемдік ортада үздіксіз жүріп жатқан өзгерістер дүниежүзілік экономикадағы біздің елімізде орнын белгілейді, сондықтан инновациялық қызмет өмір сүрудің және дамудың маңызды факторына айналуға.

Ғылыми-техникалық әлеует кез-келген мемлекеттің ұлттық байлығының негізгі саласы. Барлық дамыған елдер тәжірибесі көрсеткендей, экономикалық даму, көркеюдің негізгі жолы – ғылыми-техникалық және инновациялық салада көшбасы болу. Инновациялар мен жаңалықтар экономиканың құрылуына төтеп беріп, ғылыми-техникалық прогрестің белсенді түрде дамуына жағдай жасап, ұлттық экономиканың тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатады. Сондықтан бүкіл дүние жүзіндегі кәсіпкерлер инновацияларды тиімді басқару мен ұйымдастыруға ерекше көңіл бөледі. Ал мемлекет өз тарапынан ғылыми-техникалық және инновациялық даму саласына қолдау жасап, тиімді саясат жүргізіп отырады. Өйткені, мемлекет ғылыми-техникалық және инновациялық саясат – ғылыми-техникалық жетістіктерді адам игілігі үшін пайдаланып, адамзат өмір сүру жағдайларын сапалы түрде жақсартуға бағытталған. Ал бұл бүкіл адамзат тіршілігі мен шаруашылығының негізгі басты мақсаты.

Инновацияның дамуына қозғаушы күш нарықтық бәсекелестік болып табылады. Бұл жердегі инновациялық өнім дегеніміз-түрлі дәрежеде технологиялық өзгерістерге ұшыраған өнім. Ол мына бұйымдарды қамтиды:

- 1) жаңа (қайта енгізілген)- радикалдық өнімдік инновация;
- 2) жетілдірілген бұйымдар;
- 3) жаңа немесе өндірістің елеулі жетілдірілген әдістерінде құрылған бұйымдар - өзге де инновациялық өнімдер.

Инновация – ғылыми-техникалық зерттеу, өндіріс, маркетинг және менеджмент сияқты әртүрлі қызметтерді жүзеге асырады.

Инновация терминіне түсінік қысқаша жалпы редакциясы В.А. Макоренконың "қазіргі кездегі түсініктер мен терминдер" сөздігінде: "инновация" (ағылшын "innovation" - жаңалық енгізу, "жаңалық", латын тілінде "innovation" - "жаңарту", "жаңғырту") бұл:

1) Техника мен технологияның алмастыруды қамтамасыз ету үшін экономикаға жұмсалынатын қаражат.

2) Ғылыми-техникалық прогрестің жетістігі болатын жаңа техника мен технология нәтижесі.

3) Дайын өнім, жаңа ойларды синтездеу, өндіру. Жаңа технологиялар, моделдер құру, оларды өмірге енгізуді қамтамасыз ететін саяси бағдарламалар, т.б.

4. Тіл білімінде – жаңа білімнің пайда болуы, морфологиядағы жаңа түсініктердің пайда болуы [2].

Өндіріс факторларының "жаңа комбинацияларын" жүргізу барысында, ол инновацияға алып келеді. Өндіріс факторларының "жаңа комбинациялары" келесілер:

- 1) жаңа өнімді шығару, дайындау;
- 2) өндірісте жаңа технологияларды қолдану;
- 3) жаңа өндірісті ұйымдастыруды қолдану;
- 4) жаңа тұтыну нарықтарын ашу;
- 5) жаңа ресурстар көздері мен түрлерін ашу.

Р. Фостердің теориясында инновация – бұл "технологиялық құлдыраудың" жаңа технологияның пайда болуы, өндірістің және басқарудың жаңа әдісінің пайда болуының нәтижесі. Нақты өмірде өнім-инновация және үрдіс-инновация бір-бірімен байланысты үрдістер. Жаңа өнім, жаңа өндіріс әдістерін, сонымен қатар жаңа технологияларды талап етеді [3, 54 б].

Инновация - өндірістің және қоғамды басқарудың түрлі салаларына енгізілуі экономикалық тұрғыдан тиімді және (немесе) әлеуметтік, экологиялық тұрғыдан маңызды

болып табылатын, зияткерлік меншік объектісі болып табылатын ғылыми және ғылыми-техникалық қызметтің нәтижесі.

Қазақстанның Ұлттық Инновациялық Жүйесі (ҰИЖ) инновациялық инфрақұрылымының негізгі ұйымдық институттары ұйымдық құрылымы бар, инновациялық дамудың барлық кезеңдері мен процестеріне жәрдемдесу үшін қажетті және жеткілікті қаржылық, кадрлық және материалдық-техникалық қамтамасыз етілген технологиялық парктер (технопарктер) және технологиялық бизнес-инкубаторлар болады.

Шетелдік тәжірибе көрсететіндей инновациялық саладағы шағын және орта кәсіпкерлік өнеркәсіпті дамыған елдердің инновациялық әлеуетінің алғашқы бұқаралық және неғұрлым серпінді құрылым. Шағын және орта инновациялық фирмалар экономиканың пайда болатын салаларында, рыноктың жаңа сегменттерін ашатын, жаңа өндірісті дамытатын, өндірістің ғылыми сыйымдылығын және бәсекеге қабілетін арттыратын және сонымен, жаңа технологиялық тәртіпті қалыптастыруға жәрдемдесетін технологиялық көшбасшылар болып табылады.

Ұлттық инновациялық жүйені тиімді қалыптастыру үшін Қазақстанда инновацияны дамытудың жаңа бас желісі жұмыс істейді, оның аясында қазақстандық инноваторларға сапалы қолдау көрсетіледі. Мемлекеттік индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы Қазақстанда ғылыми-техникалық серпін үшін жағдай жасауда.

Шетелдік тәжірибе көрсеткендей, ғылыми-техникалық потенциал кез-келген мемлекеттің өркендеуінің кепілі. Экономикалық дамудың, мемлекет көркеюінің негізгі жолы ғылыми - техникалық және инновациялық салада лидер болу. Инновациялар және жаңалықтар экономиканың құлдырауына төтеп беріп, ғылыми-техникалық прогрестің белсенді түрде дамуына жағдай жасап, ұлтық экономиканың тиімділігі мен бәсекеге қабілеттігін жоғарылатады.

Қорыта келе, Қазақстан Республикасы дамыған елдер қатарына қосылу үшін сол елдердің даму жолын зерттеп, олардың ұлттық экономикамызға тиімді жақтарын ала білуіміз қажет. Біздің елімізге әсіресе, Оңтүстік Азияның бірнеше жаңа индустриялы елдерінің ұстанған саясаты ыңғайлы болып отыр. Яғни “Азия айдаһары мен жолбарысы” атанған елдер қысқа мерзімді аралықта индустриялы-инновациялы саясатты тиімді жүргізу арқылы үлкен жетістіктерге қол жеткізді. Яғни, инновация – экономикалық өсуде негізгі қозғаушы күш болмақ.

Әдебиеттер

1. ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы, АСТАНА. 14 желтоқсан.
2. Купешова С.Т. / “Теория и практика инновационного процесса в переходной экономике Республике Казахстан,” – диссертация, Алматы, 2002 г.
3. Инновационный менеджмент / К.Нарибаев, С.Джуманбаев, А.Нусупова. – Алматы: Қазақ университеті. – 2008. – 60 с.
4. Б.А.Алдашов, Е.В.Ткач «Инновационная инфраструктура: понятие, основные элементы и направления развития»//НПЖ «Транзитная экономика» №2-2007, С110-114.

К.Т. Дюзбаев

ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИННОВАЦИОННОЙ СИСТЕМЫ

В статье раскрываются вопросы обеспечения конкурентоспособности экономики посредством реализации задач, определенных в государственной программе по форсированному индустриально-инновационному развитию республики. А в рамках ее

выполнения показана роль и состояние научно-исследовательской системы, представленной технопарком, инкубатором, НИОКР. Данное направление имеет глобальное, социальное, экономическое и техническое значение для Казахстана, как молодого государства с выгодным геополитическим размещением.

Ключевые слова: инновация, индустрия, национальная инновационная система, инкубатор.

K.T. Duzbayev

PERSPECTIVES OF DEVELOPMENT OF NATIONAL INNOVATION SYSTEM

The issues of economic competitiveness through the implementation of the tasks, defining in the state program on forced industrial-innovative development of the country are given in the article. A part of its implementation shows the role and status of research systems provided technology parks, incubators, research and development. This direction is the name of global social, economic and technological importance for Kazakhstan as a young country with a favorable geopolitical accommodation.

Keywords: innovation, industry, national innovation system, innovation infrastructure, the incubator.

УДК 631.12:339.138

Позднякова Е.В.

УО «Белорусский государственный аграрный технический университет»

УПРАВЛЕНИЕ ХОЗЯЙСТВЕННЫМ РИСКОМ НА МЯСОПЕРЕРАБАТЫВАЮЩИХ ПРЕДПРИЯТИЯХ

Аннотация

Предложенный алгоритм решения проблемы управления хозяйственным риском может являться основной составляющей стратегии менеджмента риска для мясоперерабатывающих предприятий как при осуществлении текущей производственной деятельности, так и при разработке и внедрении инвестиционных проектов.

Ключевые слова: хозяйственный риск, факторы риска, оценка риска, риск-менеджмент.

Результаты и обсуждение

С помощью предложенного алгоритма качественного анализа риска выявлены и оценены основные факторы риска производственной, инновационной, коммерческой, финансовой, управленческой сфер деятельности предприятия. На основании анализа чувствительности и сценариев рассмотрены различные возможные варианты их воздействия. Предложенные мероприятия по нейтрализации позволили свести воздействие анализируемых факторов к минимуму. В рамках стадии выбора мероприятий по снижению риска разработана модель выбора альтернативного способа снижения риска применительно к отдельно взятому фактору риска: самострахование и покрытие убытков из внешних источников. В основе выбора способа снижения риска используется критерий минимизации приведенных затрат. Разработанный механизм оценки и управления хозяйственным риском предприятий мясоперерабатывающей промышленности позволяет комплексно и достоверно произвести оценку риска организации и предложить программу по его нейтрализации наиболее оптимальными способами.